

**Қазақстан Республикасының Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасының  
Министрлер Кабинетінің Қаулыларын, мемлекетаралық және Үкіметаралық  
келісімдерді жариялау тәртібі туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 15 ақпан 1993 ж. N 115

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1993 жылдың 1 қаңтарынан бастап айына кемінде екі рет көлемін бес баспа парақтан асырмай бір кітапшада қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағын" (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ) шығару орынды деп саналсын.

2. "Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағында" Президенттің жарлықтары, қаулылары мен өкімдері, Министрлер Кабинетінің қаулылары, сондай-ақ мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдер жарияланады деп белгіленсін.

Жинаққа енгізілген актілердің өзінің реттік нөмірі болады.

3. Жинақты шығару функциясы Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің Іс басқармасы мен жалпы бөліміне, жариялауға жататын материалдарды іріктеу - Заң бөліміне жүктелсін.

Материалдарды жинақтап-әзірлеу, басылымның сапасына жауапкершілік - "Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағының" Редакциясына жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі және оның жергілікті жерлердегі органдары "Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілер жинағына жылма-жыл жазылуды және жөнелтіп тұруды ұйымдастыратын болсын.

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, республиканың мемлекеттік комитеттері, министрліктері мен ведомстволары аталған жинақты насихаттау және жазылуды өткізуге тиісінше ықпал етсін.

5. Қазақстан Республикасының Президентінің жарлықтары, қаулылары, өкімдері, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары, сондай-ақ мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдер қажет болған жағдайда газеттер мен өзге де баспасөз органдарында жариялануы, теледидар мен радиодан хабарландырылуы, телеграф арқылы, телефакс арқылы берілуі, тиісті мемлекеттік және басқа ұйымдарға жіберілуі мүмкін. Мұндай жарияланымдарды іріктеп алу мен әзірлеуді Жалпы бөлім және Қазақстан Республикасының Президентінің Баспасөз хатшысының қызметі жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармақ сөздермен толықтырылды - ҚРМК-нің 1994 ж. 21 шілдедегі N 825 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасының Президентінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің мемлекеттік немесе өзге де заң жолымен арнайы қорғалатын құпия болып табылатын мәліметтері бар актілері жариялауға жатпайды. Мұндай жағдайда құжаттардың түпнұсқа текстерінде құпиялылығы туралы белгі қойылады және олар тиісті тәртіп бойынша өзінің күші таратылған ұйымдар мен азаматтарға ж е т к і з і л е д і .

Қазақстан Республикасының Президентінің, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің мұндай актілерінің мазмұнын белгіленген тәртіппен баспасөз басылымдарында баяндап беруге болады.

7. Жариялауға жататын Қазақстан Республикасының Президентінің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулыларын, Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің өкімдерін Аппараттың Жалпы бөлімі міндетті түрде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне, Экономика министрлігіне, Әділет министрлігіне, Қаржы министрлігіне, статистика және талдау жөніндегі Мемлекеттік комитетіне, сондай-ақ республиканың мүдделі министрліктер мен басқа мемлекеттік басқару органдарына, ұйымдарға Аппараттың мәселені әзірлеген бөлімінің толтырған жөнелтім көрсеткішіне сәйкес жібереді.

8. Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 23 тамыздағы N 488 қаулысының күші жойылған деп танылсын (ҚазССР, ҚЖ, 1991 жыл, N 20, 137-бап).

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі